




Зерттеу жұмысының мақсаты

Жалбыз өсімдігінің құрамының адам ағзасына пайдасын айта келе, емдік қасиетін түсіндіру. Ағзаны осындай табиғи өнімдермен тазалауды ұғындыру.



Зерттеу жұмысының мәні

жалпы дәрілік шөптердің маңызы, әсіресе жалбызды дәрілік шөптерге қосып өкпе туберкулезін, жүрек, өт жолдарын емдеуге шипалы ретінде халықтың назарына ұсыну арқылы ел болашағына сеніммен қарау.

Зерттеу жұмысының жаңалығы


Жалбыздың

жапырағында ментол бар. Бұл өсімдіктен жасалынатын дәрілер жүрек, өт жолдарын емдеуге шипалы.

Жағымды иіс беретін әрі антисептикалық зат ретінде сұйық дәрілердің, тіс тазалағыш ұнтақтарының құрамына кіреді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

- Емдік өсімдіктерден жасалатын дәрі өнімдеріне сипаттама беру;
- Емдік өсімдіктердің ішіндегі жалбыздың адам ағзасына пайдалы жақтары;
- Дертке дауа – жалбыз өсімдігі.



Жұмыстың негізгі мазмұны

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, деңгейі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу нысаны мен дерек көздері теориялық тәжірибелік маңызы, сарапталу мен құрлымы жөнінде негізгі мәліметтер берілген.



Кіріспе

- Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады .

Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.

Соған қарамастан адамдар пайдаланып жүрген дәрілік шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар кебіне оны қате пайдаланады. Өз өлкеңіздегі осындай шөптерді зерттеуге тырысыңыз және қайсысының емдік қасиеті бар екенін анықтаңыз.

Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады.

Жалбыз өсімдігіне сипаттама



• **Жалбыздың Қазақстанда кездесетін түрлері**

• Ақ жалбыз

• Қара жалбыз



Жалбыз (Lamiaceae)

- Ерінгүлділер (лат. Lamiaceae), немесе Тауқалақайгүлділер (лат. Labiatae) Қосжарнақтылар класының тұқымдасы, тұқымдасқа 250-дей[3] тегі және 7850-дей[3] өсімдіктер кіреді, оның арасында кең таралған: жалбыз, шалфей, жаужапырақ, тасшөп, киікоты, т.б. түрлер кіреді. Қазақстан аумағында олардың 234 түрі бар.



Жалбыздың емдік қасиеті

Жалбыздың емдік қасиеті ертеден мәлім. Оны халық жүз бір ауруға ем дейді. «Жалбызды жерде жан қалады, ерменді жерде ер өлмейді» деген мәтел бұл өсімдіктің осындай қасиетіне байланысты айтылған болса керек. Жалбыздың түрлері көп. Қазақстанда оның екі иүрі кездеседі – қара жалбыз, ақ жалбыз. Ол ерінгүлдер тұқымдас, көпжылдық өсімдік. Өзен мен көл жағаларында, тау баурайында, шабындықтар мен бақшаларда кездеседі. Жалбыз өсімдігінің құрамында адам ағзасына пайдалы заттар мол. Соның екі қасығын аралыстырып күніне бір шай қасықтан үш рет екі ай ішсе, жүрек ауруының бәріне ем. Сондай-ақ оны бүйрек пен бүйрек түбекшесі, бауыр мен жолының қабынуына қарсы қолданады. Жалбыз ұнтағының осы мөшерін бал орнына сары майға аралыстырып жоғарыдағыдай ретпен қабылдаса демікпе сырқатын жазып, өкпенің тыныс алу жолдарын тазартады. Булығып жөтелгенді тиып, қарлыққан дауысты ашады. Тершең адам жалбыздың кепкен жапырағын ыстық суға бұқтырып демдеп, жатар алдында жарты стаканын ішіп, ал аяғының шуашы барлар сол суға үш мезгіп аяғын жуып жүрсе, бұл жағымсыз иістен арылады. Полиартритпен ауыратын адам кепкен жалбыз шөбін суға қайнатып, күніне бір реттен жатар алдында ванна жасап булап жүрсе сырқатынан сауығады. Ал, соңғы кезде жалбыз тұнбасын іштің кебуін басатын, бойға күш-қуат беретін, несеп жүргізіп қуықтың қабынуын жазатын, етеккірді шамадан тыс келуін тоқтататын дәрі ретінде қолданып жүр. Сонымен қатар жалбызды басқа дәрілік шөптерге қосып өкпе туберкулезін де емдей бастады. Еті тілініп кеткен жарақатқа, іріңді шиқан сияқты шығулар мен қотырларға жалбыз тұнбасын танып тастаса, тез



• Жалбыздың қолданылуы

- Косметологияда
- Кулинарияда
- Парфюмерияда
- Медицинада
- Кондитерлік өнімдерде



Емдік қасиеттері

- Бүйрек, бауыр мен өттің қабынуына қарсы
- Жөтелді кетіріп, қарлыққан дауысты ашады
- Полиартритті емдеуге ем
- Ішек және жүйке жүйесінің қабынуына қарсы
- Жүйке жүйесінің қабынуына қарсы
- Жүрек ауруларына қарсы
- Туберкулезді емдеуге ем
- Тіс иектерін қатайтады, ауыздағы жағымсыз иісті кетіреді



Жалбыздан дәрі дайындау

Жалбыз қосылған шәй жүрек ауруымен ауыратындарға, тамақтан уланғанда, асқазан -бауырауруы мен ауыргандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға өте пайдалы. Және бас ауырғанда, қатты ашуланғанда ішу керек. Жалбызды 1 стаканға 2-3 еуін салса. Жалбыз қосылған шәйді: қан қысымы жоғары адамдарға жеткілікті, 6 жасқа дейін толмаған балаларға, ішуге болмайды. Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды. Тағы бұл өсімдіктің дәрі және құрғатылған шөп дәрі ретінде де қалалардың кез келген дәріханаларнда қол жетімді бағада сатылады.



Жалбыз – жұпар, жалбыз – жанның әлдіі

- Сейфолла ОСПАН

Жалбыз – жұпар, жалбыз – жанның әлдіі,
Жүректердің сынсып айтар ән-күйі.
Күрсініс пен күзренісі тағы бар
Бір өзінде күллі әлемнің бар күйі.
Жалбыз-шөптің карап тұрсаң тұрқына,
Тарам-тарам қан тамырдай бір тұма.
Бойындағы қасиетін қастерлі –
Күлгін гүлмен көмкергендей мұртына.
Бар айыбы өзін әсте көрсетпес,
Ортасында өсіп-ақ ол шөп тектес,
Маңайына бұрқыратып жұпарын
Шашып тұрар өз тынысын шектетпес.
Шер жұтса да карапайым қалпымен,
Серпілтеді айналасын жарқын кең.
Қай кезде де дараланып өспейді.
Бірге болар даналардай халқымен.
Су жағасы ол да оның мекені,
Жазық дала, қырат-қыр да мекені,
Қайда өспесін жанап өткен жандарға
Жұпары оның жанын тербеп өтеді.
Үлгі болған ойлағанға, тап шыным,
Жаны жалбыз деп жатамыз жақсының.
Бұл да өмірдің даналығы байқасақ
Шая алмайтын анау-мынау тасқының.
Жалбыз – жұпар, жалбыз – жанның әлдіі,
Жүрегімнің сынсып айтар ән-күйі.
Мәңгі-бақи ұлығатым бұл менің
Жұпар шашып тұрса болды жан-күйім.



Қорытынды

Адамның денсаулығы - қоғам байлығы. Әр адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек, өйткені дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз “Тәні саудың жаны сау” деп орынды айтқан.

Отанымыздың келешегі көркеюі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан біздің таңдауымыз – салауатты өмір салтын сақтау. Қазір дәріханаларда сатылып жатқан құрамында химиялық заттары көп дәрілерді аз қолданып, осындай жалбыз және т.б емдік өсімдіктерді пайдаланып, ағзамызды ауру-сырқаудан аман сақтайық.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. “Экология және табиғатты қорғау” қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі мектеп-2002
2. Д. Трайтак “Биология”
3. “Биология және салуаттылық негізі” №4 2008
4. “Биология және салуаттылық негізі” №6 2012
5. “Ол кім бұл не?” энциклопедиясы
6. Қазақ энциклопедиясы III том
7. “Халық емшісі” кітабы 2006
8. Бастауыш сыныпты оқыту әдістемесі 2010-2011
9. Ұстаз жаршысы 2010-2011
10. Денсаулық журналы 2012-2013

**Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!**

